



## **Кредиттік тізілім жүргізу ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 443 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылы 8 ақпанда N 1049 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қарашадағы N 333 (V043350) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заем операцияларын жүргізуге берген лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар беретін ақпарат көлемін нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 331 қаулысымен бекітілген Кредиттік тізілім жүргізу ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.К.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Кредиттік тізілім жүргізу ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу **ш а р а л а р ы н** **қ а б ы л д а с ы н ;**

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Кредиттік тізілім жүргізу ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына, заем операцияларын жүргізуге берген лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

**Ұ л т т ы қ                      Б а н к**

*Төрағасы*

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының

1999 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 443 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының  
1998 жылғы 31 желтоқсандағы № 331 қаулысымен бекітілген  
Кредиттік тізілім жүргізу ережелеріне  
өзгерістер мен толықтырулар**

1. 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Банктер мен банктік емес ұйымдар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және банктік емес ұйымдарға кредиттер мен шартты және ықтимал міндеттемелер жөніндегі ақпаратты толық көлемде беріп отырады.

Жеке тұлғалар бойынша кредиттер мен шартты және ықтимал міндеттемелер жөніндегі ақпаратты:

- егер бір заемшының жиынтық борышының көлемі 1 (бір) миллион немесе одан да көп болса, банктер;

- заңда белгіленген және шартта (кепіл билетінде) анықталған мерзімде өтелмеген кредиттер және бір заемшының жиынтық борышының көлемі 50 (елу) мың теңге және одан да артық болатын, бір күнтізбелік айдан астам уақытқа берілген шартты және ықтимал міндеттемелер бойынша, банктік емес ұйымдар б е р е д і . "

2. NN 1-6, 13, 14 қосымшалардың атауындағы "заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге" деген сөздер "заңды тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын.

**Ұ л т т ы қ                      Б а н к**

*Төрағасы*